



ШЕШІМ

07.10.2022

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 262/33-VII

город Астана

**Астана қаласы әкімінің
елорданың әлеуметтік-экономикалық
дамуы туралы есебі**

Астана қаласының әкімі А.С. Көлгіновтің есебін тыңдап және талқылап, Астана қаласының мәслихаты атқарушы органдардың елорданың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған міндеттерді іске асыру жөніндегі бірқатар жұмысын атап өтеді.

2022 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша елорданың барлық әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша оң динамика байқалады.

Өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі 2 %-ға артқан (1 179,2 млрд. теңге). Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 19,7% - ға артып, 186,1 мың бірлікті құрайды.

Инвестиция көлемі 16,2 %-ға өсе отырып, 720,2 миллиард теңгені құрады (тамыз айында 131,1 миллиард теңге). Құрылыс жұмыстарының көлемі 6,3% - ға (358,3 миллиард теңге) ұлғайды.

Жыл басынан бері 1 678,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді (инженерлік инфрақұрылымды қамтамасыз етуге байланысты 6,2% - ға төмендеді).

Бөлшек тауар айналымының көлемі 1 086,8 миллиард теңгені құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 7,9% - ға жоғары.

2022 жылғы тамыздың 2021 жылғы тамызға қатысты инфляция деңгейі 117,3 % (4-орын, Қазақстан Республикасы бойынша – 116,1 %), оның ішінде азық-түлік тауарлары – 118,6 % (19-орын, Қазақстан Республикасы – 120,8 %); азық-түліктік емес тауарлар – 121,6 % (1-орын, Қазақстан Республикасы – 115,5%); ақылы қызметтер - 110,7% (6-орын, Қазақстан Республикасы – 110,1%) құрады.

«Айналым тетігі» шеңберінде кәсіпкерлік субъектілеріне 14 миллиард теңге сомасында қарыздар берілді. 40 мың тоннадан астам азық-түлік тауарларына келісімшарт жасалды.

27 тамыздан бастап Тұран даңғылы, 48 мекенжайы бойынша Астана-Арена автотұрағында жақын маңдағы өңірлердің тауар өндірушілері мен қала кәсіпкерлерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінің маусымы

басталды. Жәрмеңкелерде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары нарықтық бағадан орта есеппен 10% төмен бағамен сатылады.

Сонымен қатар, Астана қаласы мәслихатының сессиясы қабылданып жатқан шараларға қарамастан, бірқатар проблемалық мәселелердің де бар екенін атап өтті.

Мүгедектігі бар тұлғаларға қызмет көрсету сапасы проблемасы (тіс протездеу, инваксия, санаторлық емдеу және т. б.) жүйелі болып отыр, қалада ерекше қажеттіліктері бар тұлғалар үшін жабдықталмаған орындар (автобустар, мемлекеттік мекемелердің ғимараттары, мәдениет, спорт объектілері және т. б.) көп, автобустардың қатынау аралықтары ұзақ, жылы аялдамалар, электронды таблолар жоқ немесе олар жұмыс істемейді қалада қоғамдық дәретханалар, велосипед жолдары жеткіліксіз.

Тұрғын үй алаптарында қажетті инфрақұрылымның болмауы жағдайлары кездеседі.

Сонымен қатар, қала тұрғындарынан қала құрылысы регламентінде көзделмеген тығыз салынған құрылыстарға қатысты көптеген шағымдар келіп түседі, бұл жаңадан тұрғызылған көппәтерлі тұрғын үй кешендеріне іргелес үйлердің тұрғындары үшін қолайсыздық тудырады. Полицентризм қағидаты бойынша жаңадан салынған КТҮК жанында әлеуметтік инфрақұрылым құрылысына назар аудару, сондай-ақ құрылыс бойынша қабылданған шешімдердің заңнамаға қатаң сәйкестігі бойынша бақылауды күшейту қажет.

Астана қаласы әкімінің елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебін талқылау қорытындысы бойынша Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы әкімінің елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебі назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

қолжетімді және жайлы қалалық ортаға қатысты ұсынымдарды орындау жөнінде шаралар қабылдау;

объектілерді салу туралы шешімдер қабылдау кезінде олардың қолданыстағы заңнамаға қатаң сәйкестігін қамтамасыз ету;

мүгедектігі бар тұлғаларға қызмет көрсету сапасын бақылауға алу және стандарттарын қайта қарау;

ғимаратының тозуы, екі корпусына кешенді күрделі жөндеу жүргізу қажеттілігі және үш корпусының апаттық жағдайына байланысты орталық теміржол ауруханасын «Ramada Plaza» қонақ үйінің ғимаратына (бұрынғы «Okan Intercontinental» қонақ үйі) көшіру жөнінде шаралар қабылдау;

перзентханаларға қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында қаланың тығыз қоныстанған аудандарында екі перинаталдық орталық салу мәселелерін шешу;

Қолжетімді тұрғын үй тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде медицина, әлеуметтік сала қызметкерлеріне арналған жатақханалар құрылысын бастау;

елорданың биоалуантүрлілігін сақтау жөнінде шаралар қабылдау, қалыптасқан проблеманы шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін

сарапшыларды, ғылыми қоғамдастықты тарта отырып, қаланың су ресурстарына кешенді зерттеу жүргізу;

елорда халқының санының өсуіне байланысты Астана қаласының 2023 жылға арналған даму жоспарына жаңа әкімшілік аудан құру мәселесін енгізу;

ықшам, заманауи Қ. Мұңайтпасов атындағы стадион құрылысын (ескі стадион аумағында) қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

**Астана қаласы
мәслихатының хатшысы**



Е. Каналимов